



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылғы 28 наурыздағы № ДС-137

## Құрметті депутаттар!

Отандық жеңіл өнеркәсіпті дамытуға қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

***Отандық шұлық-ұйық өндірушілерді қосылған құн салығынан (бұдан әрі – ҚҚС) босатуға қатысты***

2023 жылы Салық кодексіне бөлшек салық режимін қолдануды кеңейтуді, сондай-ақ режим әрекетінің мерзімсіздігін белгілеуді көздейтін заңнамалық түзетулер қабылданды. Оған сәйкес бөлшек салық төлеушілер ҚҚС төлеушілер болып табылмайды.

Жеке тұлғаларға тауарлар мен қызметтерді сатудан түскен табыс бойынша салық мөлшерлемесі 4% мөлшерінде белгіленген.

Бөлшек салық режимін қолдану мақсатында қызмет түрлерінің тізбесіне киім, дайын тоқыма бұйымдарын өндіру және басқа да қызмет түрлері енгізілгенін атап өткен жөн.

Сондай-ақ, жаңа Салық кодексін әзірлеу шеңберінде отандық инвесторларды өңдеуші өнеркәсіптің жаңа жобаларын іске асырудың алғашқы үш жылына арналған салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден босатуды көздейтін тәсілдер мақұлданды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, отандық шұлық-ұйық өндірушілерді ішкі нарықта өнімді сату кезінде ҚҚС-тан босату мәселесі қарастырылмайды.

***Жеңіл өнеркәсіп өндірушілеріне мемлекеттік субсидияларды бөлуге қатысты***

Мемлекеттік қолдаудың қаржылық шаралары бағдарламасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін қолдау шаралары, оның ішінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау және екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша кепілдік беру арқылы қолдау шаралары көзделген.

Бағдарлама өз жобаларын экономиканың басым секторларында, сондай-ақ моноқалаларда, шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде салалық шектеулерсіз іске асыратын кәсіпкерлерге арналған.

Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бөлігінде кәсіпкерлерге жылдық 8%, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері, батыс және оңтүстік өңірлер үшін – жылдық 7% мөлшерлеме бойынша кредиттер беріледі. Бір кәсіпкер 3 млрд теңгеге дейін несие ала алады.

Кредит бойынша кепілмен қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда ішінара кепілдік беру құралы іске асырылады, онда кепілдіктің ең жоғары мөлшері кредит сомасы 360 млн теңгеге дейін 85%-ті және кредит сомасы 1,5 млрд теңгеге дейін – 50%-ті құрайды.

***3%-дан аспайтын мөлшерде жеңілдікті кредиттер беру жөніндегі мемлекеттік шараларға қатысты***

Өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы өңдеу өнеркәсібі жобаларын қаржыландыру көзделген.

Өткен жылы бөлінген 50 млрд теңге шеңберінде өңдеу өнеркәсібі жобалары үшін 9%-пен, оның ішінде тек жеңіл өнеркәсіп жобалары үшін 3%-пен бюджет қаражаты көзделді.

Механизм шағын және орта кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған, сонымен бірге орташа және жоғарғы деңгейде қайта өңдеу тауарларын өндіруді жүзеге асыратын және отандық нарықта шикізат сатып алуды жоспарлайтын кәсіпорындарға басымдық береді.

Үкімет «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларының құралдарын біріктіру жолымен шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың кешенді тәсілдерін әзірледі.

Жаңа тәсілдер шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын нарықтық жағдайларға кезең-кезеңімен көшумен субсидиялаудың сараланған әдісін көздейді.

Мәселен, алғашқы 3 жыл субсидиялауды ескере отырып, түпкілікті қарыз алушы ең жоғары жеңілдікті 8% мөлшерлеме бойынша, 4-жыл – 9%, 5-жыл – 10% мөлшерлеме бойынша қаржыландырылатын болады.

Субсидиялау құралынан біртіндеп көшу кредиттер бойынша кепілдіктердің кеңеюімен сүйемелденетін болады.

Кепілдік беру бойынша кредиттеу сомасы 3,5 млрд теңгеге дейін ұлғайтылып, ол бойынша кепілдік мөлшері 50%-ке дейін құрайды, ал Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің тізбесі кеңейту жағына қарай қайта қаралды.

Кепілдік берудегі жаңа тәсіл нарықтық жағдайларға көшуді де көздейді, онда 500 млн теңгеден астам кепілдіктер бойынша кәсіпкер комиссия (*орта есеппен 3%-тен аспайтын*) төлейтін болады, мұндай жобаларға бюджет қаражаты бөлінбейді.

***Шекарадағы кедендік әкімшілендіру шараларына және бақылаудың басқа түрлеріне қатысты***

Ішкі нарықты сапасыз, жалған, контрабандалық және контрафактілік өнімдерден қорғау бағытында Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті шекарада кедендік әкімшілендіруді және бақылаудың басқа да түрлерін жақсарту арқылы (*ветеринариялық, фитосанитариялық, техникалық*) нарықта ықтимал қауіпті өнімді әкелу, өткізу фактілерінің жолын кесіп, жол бермеу мақсатында өнім қауіпсіздігіне, оның ішінде Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті және Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті ұсынған мәліметтер негізінде тұрақты мониторинг жүргізеді.

Сондай-ақ, шекарадан өтудің жеделдігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылдан бастап (*кезең-кезеңімен*) Қытаймен шекарадағы барлық өткізу пункттерінде «CarGoRuqsat» электрондық кезек жүйесі енгізілді.

*Анықтама ретінде: 2023 жылы үшінші елдермен (ЕАЭО құрамына кірмейтін) шекарадағы өткізу пункттерінің қызметкерлері тауарларды өткізу бойынша кедендік операцияларды жасау кезінде тыйым салу мен шектеулер талаптарын бұзудың 410 фактісін анықтады.*

### ***Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің жекелеген түрлерінің импортына баж салығын ұлғайтуға қатысты***

ЕАЭО туралы Шартқа сәйкес мүше мемлекеттер ЕАЭО-ның бірыңғай кедендік тарифін (*бұдан әрі – ЕАЭО БКТ*) қолданады, бұл ретте импорттық кедендік баждардың сомалары бойынша шешімдерді Еуразиялық экономикалық комиссия (*бұдан әрі – ЕЭК*) мүше мемлекеттердің өтініштері негізінде ЕАЭО-ға мүше барлық мемлекеттермен келісу бойынша қабылдайды.

Мүше мемлекеттердің өтініштерін қалыптастыру үшін ұсынылған өзгерістердің орындылығына талдау жүргізу қажет.

Сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия мақұлдағаннан кейін ұсыныс ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің қарауы үшін ЕЭК-ке енгізіледі.

Бұл ретте жекелеген тауарлар бойынша импорттық кедендік баж мөлшері ДСҰ шеңберіндегі ҚР және РФ міндеттемелерінің шекті деңгейіне сәйкес келетінін атап өтеміз. Олардың өсуі халықаралық міндеттемелерді бұзу болып табылады.

### ***Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға және халықтың әлеуметтік осал топтарына жалақының 50% төлеу мүмкіндігін қарастыруға қатысты***

Әлеуметтік кодекске сәйкес әзірленген Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру және субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан адамдардың жалақысын субсидиялау қағидаларына сәйкес жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда, сондай-ақ үйде көп балалы және (немесе) аз қамтылған отбасылардың еңбекке қабілетті мүшелері, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аналар үшін әлеуметтік жұмыс орындары мен «Күміс жас» жобасы ұйымдастырылған.

«Күміс жас» жобасына 50 жастан асқан жұмыссыз адамдар қатыса алады, онда кезең-кезеңімен жалақы 70%-ке дейін субсидияланады.

Сондай-ақ, әлеуметтік жұмыс орындары жұмыссыздарды уақытша жұмыспен (*ұзақтығы 12 айдан аспайтын*) қамтамасыз ету мақсатында ай сайынғы субсидия мөлшерімен ұйымдастырылады:

жұмыссыздар үшін – белгіленген жалақы мөлшерінің 35%, бірақ 24 айлық есептік көрсеткіштен аспайды;

үкіметтік емес ұйымдар құрған әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан мүгедектігі бар адамдар үшін – белгіленген жалақы мөлшерінің 70%, бірақ 24 айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

Үкімет отандық өндірушілерге мемлекеттік қолдау шараларын көрсету жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады. Жеңіл өнеркәсіп тауарларына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен 2 жыл мерзімге алып қою белгіленді (*2024 жылғы 19 ақпандағы № 99 ҚРҰҚ*).

Бұл шаралар жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жүктемесін ұлғайтуға, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіпте жаңа өндірістерді ұйымдастыруға инвестициялар тартуға бағытталған.

**О. Бектенов**



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

№ ДС-137 от 28 марта 2024 года

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев депутатский запрос относительно развития отечественной легкой промышленности, сообщаем следующее.

***Касательно освобождения отечественных производителей чулочно-носочных изделий от налога на добавленную стоимость (далее – НДС)***

В 2023 году были приняты законодательные поправки в Налоговый кодекс, предусматривающие расширение применения режима розничного налога, а также установление бессрочности действия режима. Согласно которому плательщики розничного налога не являются плательщиками НДС.

Так, ставка налога по доходам от реализации товаров и услуг физическим лицам установлена в размере 4%.

Следует отметить, что в перечень видов деятельности в целях применения режима розничного налога включены такие виды деятельности как производство одежды, готовых текстильных изделий и др.

Также в рамках разработки нового Налогового кодекса одобрены подходы, предусматривающие освобождение отечественных инвесторов от уплаты налогов и других обязательных платежей в бюджет на первые три года реализации новых проектов обрабатывающей промышленности.

Учитывая изложенное, вопрос освобождения отечественных производителей чулочно-носочных изделий от НДС при реализации продукции на внутреннем рынке не рассматривается.

***Касательно распределения государственных субсидий производителям легкой промышленности***

В рамках Программы финансовых мер государственной поддержки для субъектов малого и среднего предпринимательства предусмотрены меры поддержки, в том числе посредством субсидирования части ставки вознаграждения и гарантирования по кредитам банков второго уровня.

Программа предназначена для предпринимателей, реализующих свои проекты в приоритетных секторах экономики, а также в моногородах, малых городах и сельских населенных пунктах без отраслевых ограничений.

В части субсидирования ставки вознаграждения по кредитам предпринимателям предоставляются кредиты по ставке 8% годовых, для субъектов социального предпринимательства, западных и южных регионов – 7% годовых. Сумма кредита для одного предпринимателя – до 3 млрд тенге.

В случае недостаточности залогового обеспечения по кредиту, реализуется инструмент частичного гарантирования, где максимальный размер гарантии составляет 85% от суммы кредита до 360 млн тенге и 50% от суммы кредита до 1,5 млрд тенге.

***Касательно государственных мер по предоставлению льготных кредитов в размере не более 3%***

В соответствии с Концепцией развития обрабатывающей промышленности до 2029 года предусмотрено финансирование проектов обрабатывающей промышленности через АО «Фонд развития промышленности».

В рамках выделенных в прошлом году 50 млрд тенге для проектов обрабатывающей промышленности под 9% предусмотрены бюджетные средства под 3% исключительно для проектов легкой промышленности.

Механизм направлен на стимулирование малого и среднего предпринимательства и приоритет отдается предприятиям, осуществляющим производство товаров среднего и верхнего переделов, а также планирующим закуп сырья на отечественном рынке.

Правительством разработаны комплексные подходы по поддержке и развитию малого и среднего предпринимательства путем объединения инструментов программ «Дорожная карта бизнеса» и «Экономика простых вещей».

Новые подходы предусматривают дифференцированный метод субсидирования проектов малого и среднего предпринимательства с поэтапным переходом на рыночные условия.

Так, первые 3 года, с учетом субсидирования, конечный заемщик будет финансироваться по максимально льготной ставке – 8%, 4-й год – 9%, 5-й год – 10%.

Постепенный переход от инструмента субсидирования будет сопровождаться расширением гарантий по кредитам.

По гарантированию сумма кредитования увеличена до 3,5 млрд тенге, по которым размер гарантии составляет до 50%, а перечень ОКЭД пересмотрен в сторону расширения.

Новый подход в гарантировании также предусматривает переход на рыночные условия, где по гарантиям свыше 500 млн тенге предпринимателем будет оплачиваться комиссия (в среднем не более 3%), без выделения бюджетных средств на такие проекты.

***Касательно мер таможенного администрирования и других видов контроля на границе***

В целях защиты внутреннего рынка от некачественной, фальсифицированной, контрабандной и контрафактной продукции, в том числе

через улучшение таможенного администрирования и других видов контроля на границе (*ветеринарный, фитосанитарный, технический*) Комитетом государственных доходов Министерства финансов на постоянной основе производится мониторинг безопасности продукции с целью своевременного пресечения и недопущения ввоза и реализации потенциально опасной продукции на рынке, в том числе и на основании сведений, представленных Комитетом контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства здравоохранения и Комитетом технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции.

Также в целях обеспечения оперативности и прозрачности прохождения границы с 2022 года (*поэтапно*) на всех пунктах пропуска на границе с Китаем внедрена система электронной очереди «CarGoRuqsat».

*Справочно: за 2023 год сотрудниками пунктов пропуска на границе с третьими странами (не входящими в состав ЕАЭС) выявлено 410 фактов нарушений требований запретов и ограничений при совершении таможенных операций по перемещению товаров.*

### ***Касательно увеличения пошлины на импорт отдельных видов продукции легкой промышленности***

В соответствии с Договором о ЕАЭС государства-члены применяют Единый таможенный тариф ЕАЭС (*далее – ЕТТ ЕАЭС*), при этом решения по суммам импортных таможенных пошлин принимаются Евразийской экономической комиссией (*далее – ЕЭК*) по согласованию со всеми государствами-членами ЕАЭС на основании обращений государств-членов.

Для формирования обращений государств-членов необходимо проведение анализа целесообразности предложенных изменений.

После одобрения Межведомственной комиссией по вопросам внешнеторговой политики и участия в международных экономических организациях, предложение вносится в ЕЭК для рассмотрения государствами-членами ЕАЭС.

При этом отмечаем, что по отдельным товарам размер импортной таможенной пошлины соответствует предельному уровню обязательств РК и РФ в рамках ВТО. Их повышение будет нарушением международных обязательств.

### ***Касательно рассмотрения возможности выплаты гражданам с ограниченными возможностями и социально уязвимых слоев населения 50% заработной платы***

Согласно Правил организации субсидируемых рабочих мест и субсидирования заработной платы лиц, трудоустроенных на субсидируемые рабочие места, разработанных в соответствии с Социальным кодексом, на предприятиях и в организациях с частной формой собственности, а также на дому для трудоспособных членов многодетных и (или) малообеспеченных семей, матерей воспитывающих детей с инвалидностью организуются социальные рабочие места и проект «Серебряный возраст».

В проекте «Серебряный возраст» могут принять участие безработные люди старше 50 лет, где поэтапно заработная плата субсидируется до 70%.

Также социальные рабочие места организуются в целях обеспечения безработных временной работой (*продолжительностью не более 12 месяцев*), с ежемесячным размером субсидии:

для безработных – 35 % от установленного размера заработной платы, но не более 24 месячных расчетных показателей;

для лиц с инвалидностью, трудоустроенных на социальные рабочие места, созданные неправительственными организациями – 70 % от установленного размера заработной платы, но не более 24 месячных расчетных показателей.

Правительством будет продолжена работа по оказанию мер господдержки отечественным производителям. Установлены изъятия из национального режима при осуществлении государственных закупок сроком на 2 года на товары легкой промышленности (*ППРК от 19 февраля 2024 года № 99*).

Данные меры направлены на увеличение загрузки действующих предприятий, а также привлечение инвестиций на организацию новых производств в легкой промышленности.

**О. Бектенов**